

ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 10/446
11 марта 2016 года

Вестник

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ФОРУМ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА «НАША СИЛА В ЕДИНСТВЕ», ПОСВЯЩЕННЫЙ 25-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА

09 марта 2016 года в Теннисном центре г.Уральск состоялся Республиканский форум Ассамблеи народа Казахстана, под лозунгом «Наша сила в единстве», в котором принял участие Глава государства - Нурсултан Абишевич Назарбаев.

В мероприятии приняли участие около 3000 человек, среди которых представители Ассамблеи народа Казахстана, члены республиканских и региональных этнокультурных объединений, научной и творческой интеллигенции, молодежь.

Обращаясь к участникам форума, Глава государства отметил, что сегодня по всей стране функционируют 962 этнокультурных объединения.

Все это свидетельствует о том, что Казахстан является родным домом для всех своих граждан. XX век был суровым для многих, включая переселенцев и насильно депортированных, нашедших приют на казахстанской земле. Отмечавшееся весь прошлый год 20-летие Ассамблеи ознаменовало, что единый казахстанский народ вместе создает будущее нашей Родины и наших детей. Живя вместе, мы делаем друг друга духовно богаче и мудрее. Наш народ может по праву гордиться уникальной политикой мира и согласия, способностью к дружелюбному соседству, стремлением к стабильности и спокойствию, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что в нашей республике обеспечено равноправное развитие всех культур и языков, возрождение исторических традиций и обычаев.

В этом велика роль Ассамблеи народа Казахстана. За эти годы она сблизила этносы страны, продемонстрировала лучшее, что есть в каждой из культур. Обряды каждого этноса, на первый взгляд, не похожи, но имеют один и тот же смысл. Совпадают время и поводы этнических праздников, хотя мы называем их по-разному. Мы с удовольствием участвуем в праздниках всех



этносов, потому что казахстанцы сумели создать особый дух единства, мира, спокойствия, счастья и добра, - сказал Глава государства.

Президент Казахстана обратил внимание, что наша страна - современный и безопасный общий дом, в котором для представителей более чем 100 этносов и 17 конфессий созданы все условия для комфортной жизни.

Они изучают родной язык и историю, обращаются к своей вере, чтут национальные традиции и обычаи. Наши газеты и журналы говорят на 15 языках, а театры - на 7. Во всех областях эффективно действуют малые Ассамблеи. Мир и согласие казахстанцев - консолидирующая сила общества. И мы на деле доказали, что многонациональность является стратегическим преимуществом страны. Очень важно, что Ассамблея стала уделять больше внимания работе с моло-

дежь. Именно ей нужно дать четкие жизненные ориентиры, оградить от влияния сомнительных идей, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Глава государства отметил, что сегодня во многих странах события развиваются по самым драматическим сценариям - с насилием, этническими чистками, прочими проявлениями войн и конфликтов.

На таком мрачном фоне каждый казахстанец начинает остро осознавать, какова истинная цена мира и общественного согласия, каких бед мы смогли избежать, избрав путь диалога, уважения, терпимости и толерантности друг к другу. Теперь наш опыт изучают и используют другие государства. У Казахстана большое будущее. Мы с вами преодолем все невзгоды, государство принимает все меры для того, чтобы двигаться вперед, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что город Уральск является яркой жемчужиной нашей страны.

Западно-Казахстанская область всегда играла значительную роль в нашей экономике, будучи связующим звеном между Европой и Азией. Регион обладает колоссальным транзитным потенциалом, который мы будем развивать. Я вижу, что здесь, как и во всем Казахстане, хорошо идет антикризисная работа. В условиях нестабильности мировых рынков область из 33 видов социально значимых товаров производит 24. В рамках первой пятилетки индустриализации реализовано 32 проекта, создано 2 тыс рабочих мест. В вашем регионе открыты такие крупные предприятия, как Уральский трансформаторный завод, мебельная фабрика «Квант», мясоперерабатывающее предприятие «Батыс Марка Ламб». По программе «Нурлы жол» будет реализовано еще 40 проектов, которые обеспечат более 2 тыс рабочих мест, - сказал Глава государства.

Президент Казахстана обратил внимание, что в регионе охват дошкольными учреждениями достиг 98%, возводится жилье, на сегодня в трех районах проложены автомобильные дороги общей протяженностью порядка 500 км, практически все населенные пункты области газифицированы.

Нурсултан Назарбаев отметил, что принимаемые в стране меры направлены на повышение благополучия простых людей.

В завершение Глава государства пожелал жителям региона благополучия и процветания.

В ходе форума также выступили члены Ассамблеи народа Казахстана, Совета матерей при АНК, руководители этнокультурных объединений.

Также в рамках форума состоялся праздничный концерт с участием творческих коллективов этнокультурных объединений.

источник: www.akorda.kz

СОСТОЯЛОСЬ ТОРЖЕСТВЕННОЕ СОБРАНИЕ

5-марта в концертном зале центра детско-юношеского творчества города Приозёрск состоялось торжественное собрание, посвященное международному женскому дню - 8 марта, на котором приняли участие представители трудовых коллективов и жители города.

В холле центра творчества были организованы выставки детских рисунков и предметов искусства, посвященные к празднику женщин. После вступительных представлений с поздравительной речью выступил аким города Камзин Кайрат Амангельдиевич, который высоко отметил достижения женщин, находящихся на заслуженном отдыхе, и женщин, занимающих государственные и гражданские должности. Кроме того аким города отметил роль женщин в социально-экономическом развитии города, в воспитании подрастающего поколения.

Присутствующих на собрании женщин с праздником поздравили школьники и подарили им цветы. Чествование отличившихся сопровождалось концертными номерами членов художественной самодеятельности города.

По окончании торжественного соб-



рания был организован конкурс среди милых дам «Канатты әйел».

Б. Алшынбекулы



Легализация имущества

ВСТРЕЧИ В КОЛЛЕКТИВАХ ОРГАНИЗАЦИЙ ГОРОДА ПО РАЗЪЯСНЕНИЮ ПОРЯДКА ПРОВЕДЕНИЯ ЛЕГАЛИЗАЦИИ

Продолжается работа по информированию населения города Приозёрск о порядке и сроках проведения легализации имущества в Республике Казахстан. Рабочей группой акимата города на прошедшей неделе проведен ряд встреч с коллективами предприятий, организаций, учреждений города.

Так, 11 марта текущего года члены комиссии по легализации посетили детско-юношеский центр «Достық», мини-центр «Еркетай», детские сады «Балбөбек» и «Балақай».

В ходе встречи комиссией были даны подробные разъяснения по вопросам о порядке подачи документов на легализацию имущества, а также о необходимости оформления документов на всё, принадлежащее на праве

собственности, имущество.

Члены рабочей группы напомнили сотрудникам организаций, что с 2017 года ожидается введение общего декларирования доходов и расходов населения.



Струментова Н.М.,
руководитель отдела экономики
и финансов города Приозёрск

Ж А П Ы Р А Ф Ы Н Ж А Й Ғ А Н Б Ә Й Т Е Р Е К ...

1979 жылдың 25 желтоқсаны мен 1989 жылдың 15 ақпан аралығы... Он жыл бойы жұмыр жердегі баз бір елдің тыныштығы бұзылып, бұл дүниеден бейхабар періштедей пәк сәбилердің шырылы шырғауға шым батырған Ауғанстан жеріндегі шарпыған соғыс өрті 9 жыл, 1 ай және 19 күнге созылды.

Жылдардың ағынымен тарих қойнауына енген қасіретті «ауған соғысындағы» Кеңес әскері шектеулі контингентінің сапында ұрысқа қатысқан қазақстандық интернационалист-жауынгерлер аз болған жоқ. Солардың қатарында өр кеудесін намыс оты жайлаған қазақ жігіті Пазиллов Әбдіқадыр Жаңабайұлы да бар еді. Ол 1979 жылдың көктемгі мамыр айында Кеңес Армиясы қатарына алынады. Сол кездегі Қызыл Тулы Закавказье әскери аймағына келіп түскен он тоғыз жастағы жауынгер Ә.Ж. Пазилловтың Отан алдындағы борышын өтеу жолындағы қызметінің алғашқы күндері Әзербайжан Республикасының астанасы – Баку қаласындағы әскери кіші мамандар даярлайтын оқу орталығынан басталады. Оқу орталығында 6 ай білім алып, «әскери техникаларды басқару мен жүргізу» мамандығын меңгеріп шыққан қазақ жауынгері бір топ әріптестерімен бірге Грузия жеріндегі Кутаиси қаласына жіберіледі. Отан алдындағы мерзімдік қызметін осы қалада жалғастырған жүргізуші лауазымындағы қатардағы жауынгер Пазиллов Ә.Ж. 2 ай уақыт өткенде, аяқ астынан басқарушы басшылықтың бұйрығымен Әзбекстан Республикасының астанасы – Ташкент қаласына жақын жердегі Шыршық деген әскери қалашығына ауыстырылады. Отан алдындағы борыштарын өтеп жүрген жауынгерлерден жасақталған әскери құрылым сапына қосылған жауынгер Пазиллов Әбдіқадыр 1980 жылдың наурыз айында Әзбекстан жерінен жөнелтілген топтың легімен Ауғанстан жеріне табан тірейді. Бұл кез – Ауғанстан жеріндегі шарпыған соғыстың белең алған уақыты болатын. Қазақ жігіті қызметін Ауғанстан Демократиялық Республикасының астанасы – Кабул қаласының түбіндегі Баграм қаласындағы әскери техникалардың қауіпсіздігін бақылау мен қозғалыс легінің тоқтаусыз жүріп тұруын қамтамасыз ету взводында жалғастырады. Тау мен тастың арасында қазақ жігіті Әбдіқадырдың өзінің әріптестерімен бірге қиын күндерге тап болғандықтары да бар екен. Сол күндерінің бірін еске алған ардагер аға:



–Бір күні биік таулардың арасындағы қысыңсыз жолдармен келе жатқанда жаудың бір топ күшіне тап болдық. Біздің міндетіміз – тез арада жолымызға бөгет болған жаудың көзін құрту болғандықтан топ легіндегі әрбір жауынгер осыны терең ұғынып, тау мен тас арасындағы қарсыласпен болған ұрыста бойларындағы бар күш-жігерлерін аямады. Жауынгер жолдастарымыздың жоғары ұйымшылдықтарының арқасында алдымыздағы тосқауылдың көзін жоя білдік. Топ легінің басшылары тірі қалғандарымыздың басын құрап, жауынгерлерді сапқа тұрғыза бастады. Кенет командирім маған жақын келіп:

–Саған не болған? –деп, сұрақ қойды.

Берілген сұраққа:

–Барлығы да жақсы –деп, жауап бердім.

Командирдің аты қашан да командир емес пе?!... Менің оң аяғымнан жарақат алып қалғандымды қанға малынған шалбарымның оң жақ балағына көзі түсіп, сезіп қойғанға ұқсайды. Ет қызушылықпен жарақатымды да сезбей қалған мен, командирім еске салған соң барып, жарақат

алған оң аяғымның ауырсынғанын сезінгендей болдым. Мұны көрген жауынгер жолдастарым жарақат алып қалған оң жақ тіземді тез арада буып-танып, мені госпиталға жөнелтті. Екі айдан соң, жарақатымнан толықтай айығып, қайтадан сапқа қосылдым» - деп, сыр тартты.

Осы іспеттес соғыстың ауыр қиыншылықтарына төзе біліп, түрлі ұрыс қимылдарындағы қарша бораған жау оғынан аман қалған интернационалист-жауынгер Пазиллов Әбдіқадыр 1981 жылдың еліне аман-есен оралады. Ардагер ағаның кеудесінде «Жауынгерлік жетістіктері үшін», «КСРО-ның интернационалист-жауынгері» және «Ауғанстан халқының алғысы» белгісіндегі медальдар жарқырайды. Сондай-ақ, интернационалист-жауынгер Әбдіқадыр Жаңабайұлының кеудесінен «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қарулы Күштеріне 80 жыл», «Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне 20 жыл» және «Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне 25 жыл» мейрайтойлық медальдары да орын алған.

Бейбіт өмірдегі еңбекке араласқан Әбдіқадыр Жаңабайұлы 1983 жылы Қалдыгүл атты армен тұрмыс құрады. Бүгінгі күнде ардагер Әбдіқадыр Жаңабайұлы мен Қалдыгүл Абдуллақызының шаңырағында 4 ұл, 1 қыз және 6 немере өнегелі тәрбие алып келеді. Ең кенже сүйікті қызы – Дана мектеп қабырғасында білім алса, ұлдарының ең кішісі – Сәбит биылғы жылдың көктемгі шақырылуынан қалмай, Тәуелсіз елі – Қазақстанның Қарулы Күштерінің қатарында өзінің Отан алдындағы борышымды өтеп қайтсам деген арманда жүр.

Дана халқымыздың «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл сөзі бар емес пе?! Осындай ержүрек батыр әкенің өмірінен сабақ алған ұлдарының алды бұл күнде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдерде қызмет етіп жүр.

Балаларының үлкені Ғалым 3 баланың әкесі. 2007 жылдан бері «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 18405 әскери бөлімінде келісімшарт бойынша қызмет етіп келеді. Екінші ұлы Ғабит аталған өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінде келісімшарт бойынша қызметін абыроймен атқарып жүр. Шаңырақ көтерген, отбасындағы 1 ұл мен 1 қыздың әкесі. Ғалым мен Ғабит ағаларына еліктеген Арман да 2009 жылы Тәуелсіз еліміздің айбынды армиясы қатарына шақырылып, өзінің мерзімдік қызметін зор жауапкершілікпен атқарады. 1 ұлдың әкесі Арман бүгінгі күні 18405 әскери бөлімінде келісімшарт бойынша қызметін атқарып жүр.

Ауған соғысының ардагері, интернационалист-жауынгері Пазиллов Әбдіқадыр Жаңабайұлы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінде аса зор белсенділік танытып жүрген жандардың бірі. Оқушы қауым мен әскери қызметшілер ұйымдастырып кездесулердің көркін қыздырып жүрген Әбдіқадыр аға олардың алдында сөз алғанда өз Отаны мен халқына адал болуға шақырады. Осындай батыр ағаларының ерлік істеріне сүйсініп өскен өскелең ұрпақ өз елінің нағыз патриоттары болып өсетіндіктеріне сенімдімін!

Тілек Алшымбекұлы,
06708 әскери бөлімі

ЖЫР АЛЫБЫ - ЖАМБЫЛ

Ұлы ақын Абай Құнанбаев жайында «Абай жолы» романын дүниеге әкелген ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақтың жыршы, жырау, айтыскер, Жетісудың әйгілі ақыны Сүйінбай Аронұлының сүйікті шәкірті болған ақын Жамбыл Жабаевқа берген бағасында: «Жамбылдың үлгісі мен мектебі алыстан, халықтық рухани қазынадан, халық даналығынан басталады. Сондықтан да Жамбылдың атақ - даңқы күллі әлемге әйгілі болды» - деген болатын. Осындай жоғары бағаға ие болған ақын Жамбыл Жабаев өзінің жүз жасаған тұрмысында халықты жырлаудан еш жалықпаған. Жыр алыбының:

«Жамбыл – менің жай атым,

Халық – менің шын атым» -

деп, жырлауы да тегін емес еді.


Жақында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшілері мен Приозерск қалалық жастар орталығы өкілдерінің қатысуымен Қарағанды облысының «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қазақ әдебиеті пәнінен өткен ашық сабақ, көрнекті жырау Жамбыл Жабаевтың туғанына 170 жыл толуына арналды. Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармашылық өміріне арналған ашық сабаққа білім ордасының 7 «а» сыныбы оқушылары тартылған болатын. Білім ордасының қазіргі заман талабына сай жаңа технологиямен жабдықталған сынып бөлмесінде

ұйымдастырылып өткізілген ашық сабақта XIX ғасыр мен XX ғасырды көзімен көрген ақын Жамбыл Жабаевтың таланты мен шығармашылығына аса зор мән берілді. Интерактивті тақта арқылы ақын өмірінен алынған бейнетаспалар пайдаланып, кітап пен республикалық басылм беттерінен алынған құнды мәліметтер іске асырылды. Ашық сабақ барысында сынып оқушыларының да жоғары белсенділік танытқандықтары байқалды. Сыныптың озат оқушысы Нұрхан Алшымбеков ақын Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» атты өлеңін мүдірместен жатқа айтып, сыныптың басқа да оқушыларына кеңінен жол ашып берді. Екпінді оқушылар



Айкөркем Айдархан ақынның «Халық менің шын атым» өлеңін оқып шықса, Мәдина Бегазықызы «Отанды сүй!» өлеңін жатқа айтты. Сондай-ақ, Б.Айдархан, Д.Өмірзақ, Ж.Махрұбаева, Д.Абылайхан және А. Ескен сынды оқушылар жыр алыбы Жамбылдың өлеңдерін оқып шығу мен жатқа айтуда ерекше көзге түсті.

Оқушылар алдында сөз алған 06708 әскери бөлімінің әйелдер кеңесінің мүшесі, келісімшарт бойынша аға сержанты Мусина Сәуле ақын Жамбыл Жабаевтың 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің бойына жігер берген жалынды жырлары жайында кеңінен ой қозғады. Әсіресе, ақынның шығармаларындағы «Ленинградтық өренім» өлеңіне ерекше тоқталды. Нәзік жан несі, аға сержант Сәуле Мәнерханқызы өз сөзін: «Ақын Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңі неміс басқыншыларының құрсауында қалған сол кездегі Ленинград қаласының тұрғындарына дем берді. Ақынның суреті мен өлеңі жазылған алып көлемдегі қағаздар қала көшелерінде ілулі тұрды. Ленинградтықтардың гитлерлік неміс басқыншыларының тоғыз жүз күнге жуық күнге



созылған құрсаудың қиын күндерінен ақын Жамбыл өлеңінен қуат алып, жол тауып шыққандықтары тарихтан белгілі...» - деп, тебірене жеткізді.

Ашық сабақтың негізгі мақсаты еліміздегі өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу болғандықтан, сынып оқушыларының жыр алыбына арналған ашық сабақтан алған әсерін ескере отырып, олардың жүз жасаған Жамбыл Жабаевтың өлеңдерінен қуат алатындықтарына және келешекте Тәуелсіз Қазақстан елінің нағыз патриоттары болып бой түзейтіндіктері анық!

Гүлмира Қасымбекова,
«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЖҮГІ АУЫР

Ата-бабаларымыз жаугершілік заманда да әйелдеріне ардақты аманат – отбасы, ошақ қасына жауапкершілікпен қарауды тапсырған. Сонда айжүзді апаларымыз қара шалдың қазанына иттің де үнілеуін қағалаған. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген мақал тура осыған сәйкес келіп тұр. Ұятты ойлаған ұрпақтың бүгінгі жалғасы жауапкершілікті жауапсыздықпен алмастыра бастағаны алаңдатады. Шын мәнінде жауапкершіліктің жүгі ауыр. Мәселен – материалдық жауапкершілік. Біреудің аманаттаған затын жоғалтып немесе мүлкін бүлдіріп алсаңыз, заң жолымен қудаланасыз. Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін

қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып, оған жауапты да күрделі істерді атқаруға сенім артады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді.

Егер сөзіңізде жауапкершілік болмаса ше? Айттылған сөз, атылған оқ. Біреуге уәде берсеңіз, сол уәдеде тұрыңыз. Тұрмасыңыз құрыңыз. Екінші мәселе – жауапкершіліктің арғы жағында ар мен намыстың аяқасты болатыны. Ондайда

қадірің бір кетсе, абыройың бес тиын! Баяғыда ата-әжелеріміз: «Кісінің қысық иенсіне көзінді сүзбе, адамның ала жібін аттама», дегенде түсінбей таң қалатынбыз. Қайта сұрағанда қасына отырғызып бірнеше сағат әңгіме-хикаялармен тәттіштеп түсіндіретін. Қазір осы мақалдың астарын кейбір ата-аналардың да ұқпайтынына кепілмін.

Қазақтың мақал-мәтелін, құран аяттары мен хадистің сөздерін біліп өскен баладан жаман іс-әрекет, бөтен қылық шықпайтыны анық. Кітап, қисса-дастандар оқу да баланың ой-санасын өсіріп, қиял кеңістігін ұлғайтады. Қалалық кітапханадағы шараларға бара жүріп, бүгінде оқырмандар санының ұлғайғанына қуанамын. Өлең оқитын, жазатын балалар қатарының артуы

Аталар сөзі – ақылдың көзі

қуаныш, мақтанш қой. Міне, сондай балаларға осы кезден көңіл бөліп, оқитын кітаптарына бағдарлап отыруға тиіспіз, әрбірміздің міндетіміз болса қане?! Бала – біздің болашағымыз! деген ұранды сөздің жаттандылықпен қадірін кетірмесек. Қандай болашағы барын жете бағамдамаудан да баланың бүгінгі іс-қилығына мән бермей жатамыз. Ата-бабадан қалған өсиет, ұлағат, мақал-мәтел, ғибраттарды метебің түгілі, академияң да бер алмайтынын білеміз бе? Қорыта айтқанда, жауапкершілікті сезінбеген жасөспірімнен жаман қылық пен әдеттің қай түрін болса да күтуге болады.

Қанда бар қасиеттің қадірін кетірмейік, ағайын!..

Н.ҚЫДЫРМУРАТУЛЫ

«НАТР» ПОДДЕРЖАЛ ИННОВАЦИОННЫЕ ПРОЕКТЫ НА 1 МЛРД. 623 МЛН. ТЕНГЕ

В прошлом году Национальное агентство по технологическому развитию (НАТР) поддержало 51 инновационный проект на общую сумму 1 млрд. 623 млн. тенге. Об этом в ходе пресс-конференции в ЦСК сообщил заместитель председателя правления НАТР Жума-тай Салимов.

Продолжается рассмотрение еще 187 заявок на получение инновационных грантов, поступивших в 2015 году. Эту работу планируем завершить до конца первого квартала текущего года», - отметил спикер.

В качестве примера уже внедренных инноваций Жума-тай Салимов назвал проекты «Галам», «Электровоз құрастыру зауыты» и «Swissgrow». Эти компании при государственной поддержке приобрели передовые зарубежные технологии и модернизировали свое производство.

Говоря о конкретном эффекте грантовой программы, представитель «НАТР» сообщил, что в прошлом году было создано 746 рабочих мест, в том числе 403 – на предприятиях и 343 – в стартап-проектах.

Бәйдібек Қарашаұлының туғанына 600 жыл

ӘРІ БАТЫР, ӘРІ БИ, ӘРІ КӨСЕМ

Арадан жылдар түгіл, ғасырлар өткенімен тарих сахнасынан түсіп қалмайтын, уақыт алға жылжыған сайын айбыны асқақтап, есімі жаңғыра түсетін бірегей тұлғалар болады. Осындай алып тұлғаның бірі дәуіріміздің VI-VII-ғасырларында, анығында 1356-1442-жылдар аралығында өмір сүрген Бәйдібек Қарашаұлы Жетісу алабындағы көшпелі тайпалар көсемі. Ұлы Бәйдібек бабамыз Қара таудың етегінде дүниеге келген. Ел-халқына жайлау тандау мақсатымен Қаратаудың құйқалы күнгеі мен Боралдай, Қазығұрт тауының шұрайлы жерлеріне көшіп жүрген. Жазы, қысы ел малы осы өңірде бағылады. Ақыл парасатымен, ерлік істерімен елге ұйтқы болған, батырлығы және дана билігімен дараланған тарихи тұлға. Ел

кесене тұрғызылған. Қазір Оңтүстік Қазақстан облысындағы бір аудан Бәйдібек есімімен аталады.

Бәйдібектің өмір сүрген заманы Еуразияның Ұлы даласын қоныс еткен желдей еркін көшпелі тайпалардың арасында этникалық тұтастану үрдісі қызу қарқынмен жүріп, мемлекеттің ірге тасы қаланып, тарих сахнасына әйгілі Түрік Қағанатының шыққан кезі. Шығысында Сарыөзен мен батысында Темірқакпаға дейін қанат жайған алып қағанат өз кезегінде төңірегінде Қытай, Парсы, Үнді, Рұм сияқты империялар мен патшалықтарға ықпалын жүргізе бастаған. Ең бастысы, түркі жұртының шаруашылық мәдени типі сараланып, өзіндік төлтума өркениеті қалыптасып, енді түркі тектес



ішіндегі қария сөздер далалық ауызша тарихнама бойынша (ДАТ) Ұлы жүздің үйсін бірлестігінің құрамындағы албан, суан, дулат, сарыүйсін, шапырашты, ысты, ошақты тайпалары Бәйдібекті өздерінің түп атасы деп білді.

Бәйдібектің әкесі Қараша туралы, Бәйдібектің ұрпағы Майқы би туралы, Қытай жылнамаларында, Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде деректер кездеседі. Бәйдібек жалпақ жатқан Жетісуды, Арыс өзенінің шұрайлы алқаптарын, Қаратау мен Ташкент алабын қоныс етіп, ондағы ру тайпалардың бас біріктіруіне, ел болып ұйысуына ықпал еткен. Бәйдібек үш некелі болыпты. Бірінші әйелі Сары бәйбішеден Байтоқты есімді бала туып, одан Түргеш (Сарыүйсін) өрбіген. Екінші әйелі Зеріптен Жалмамбет туады. Одан Шапырашты, Ошақты, Ысты өрбіген. Үшінші әйелі есімі несі қазаққа мәшһүр әулие Домалақ ана. Бұл кісінің шын аты Нұрила. Домалақ анадан Тілеуберді туады. Тілеуберді ел аузында Жарықшақ (Жарықбас) атанып кеткен. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат өрбиді. Бұл аталардан бәрі де іргелі ру тайпаларға ұласып, қазақ халқының ел болып ұйысуына тікелей араласқан. Бәйдібектің Сары бәйбішесінен туған Байбоқтыдан басқа алты бірдей ұлы соғыста қаза тауып, Қаратаудың шығысындағы Қошқарата өзенінің бойына жерленген. Күні бүгінге дейін бұл жер «Алты сары бас» деп аталады. Бәйдібектің өзінің сүйегі балабөген өзенінің жағасына жерленген. Басына көрнекті

ұлттар өз қоныс тұрағымен, өзіндік тіл ділімен тұлға таныта бастаған. Міне, осындай аса күрделі тарихи кезеңде Бәйдібек ақыл-парасатымен де, ерлік істерімен де ұлттың ұйысуына, елдің бас біріктіруіне, сөйтіп қазақ даласындағы ру тайпалардың этникалық тұтастануына мұрындық болған тарихи тұлға. Бәйдібек, Домалақ ана кешендеріне 2000-2001-жылдар жүргізілген қазба жұмыстары тарихи тұлғалардың қоғамда алар орнына, өмір сүрген заманына қағысты толымды дерек мағлұматтар беріп отыр. Солардың ішінде VI-VII ғасырда шығарылған тиын теңгелер Бәйдібек пен оның жұбайы Домалақ ананың өмір сүрген заманына, олардың әлеуметтік статусына елеулі айғақ ретінде ден қойдырады.

Халық жады арқылы атадан балаға жалғасып жеткен қария сөздер Бәйдібектің ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге ұйтқы болып, көреген көсемдігімен жұртқа ықпал еткен тарихи тұлға екенін танытады.

Жамбыл облысының бүгінгі Бәйдібек ауданының аумағында бабамыздың тұлғаның ізі, ел аузында қасаған ісі мен даналық сөзі қалған жер. Осы аймақта негізінен саналы өмірі өтіп, бабадан өрбіген ұрпақтары жапырақ жайып, тұқым тарқатып келеді. Жақсының өзі өлсе де, артында қалған сөзі өлмейтіні осыған дәлел болса керек!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

(Суретте: Шымкент қаласындағы Бәйдібек бидің ескерткіші)

В КАЗАХСТАНЕ СОЗДАНЫ ВСЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ РАЗВИТИЯ НАУКИ – А.ТУЛЕШОВ

Глава государства Нурсултан Назарбаев неоднократно обращал внимание на необходимость внедрения в казахстанскую экономику инновационных технологий. Именно такой подход к развитию может гарантировать стабильную работу производств при любых внешних условиях.

Во исполнение данного поручения Правительством нашей страны ведется планомерная работа по созданию условий для развития казахстанской науки.

Президент АО «Фонд науки» Амандык Тулешов уверен, что с момента подписания Президентом Казахстана закона «О науке» были созданы ключевые институты научной сферы.

«Сформирована Высшая научно-техническая комиссия при Правительстве, Национальные научные советы, Национальный центр государ-

ственной научно-технической экспертизы, полномочные государственные органы и общественные научные организации», - отметил он.

Они уже успели продемонстрировать эффективность своей работы, уверен глава Фонда науки.

Вместе с тем, благодаря реализации новой модели управления наукой в стране продолжают системные преобразования. Например, началась широкая интеграция научно-исследовательских институтов с ведущими казахстанскими вузами. Кроме того, расширена возможность прохождения научных стажировок в ведущих мировых научных центрах, в том числе, в рамках международной стипендии «Болашак».

По мнению Амандыка Тулешова, эти меры позволяют вывести отечественную науку на новый уровень, что положительно сказывается на числе внедряемых в производства инноваций.

Әлихан Бөкейханға 150 жыл

АЛАШТЫҢ АСҚАК КӨСЕМІ

Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданында туып, Алаштың арманын арқалаған, ақ туын желбіреткен Әлихан Бөкейханов атамыз аттың жалы, түйенің қомында жүргенде сонау мұхиттың ар жағынан Бразилия қарағашын (шетен ағашы) алдырып, өз әкелері, жақындары жерленген қорым басына отырғызып кеткенін сол маңайдағы ел біледі. Ол жерді жергілікті халық Талдыбейіт деп атайды. Сол қарағаш әлі күнге дейін Әлихан атамның көзіндей болып, жайқалып өсіп тұр екен. Әуелде сегіз қырланып салынған зираттың ауқымы кен. Кейін бұрышталып, кабірдің қарасы молайған. Желтаудың аңғарында самалдап тұрған сол мықан ағашының саясына ұлт көсемінің туған бауыры Смахан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан: «Жұрты үшін шаһид кеткен перзенттің рухы фани мен бақидың арасындағы ғайып кеністігінде имансыз көшіп жүрмесін»- деп және мүһминнің дұғасы бұйыруы үшін де Әлиханның өзі киген құлақшынын әке зиратының ішіне лахаттап көміпті. Құлыптасқа:

**«Қыр баласы,
Елағасы,
Қазақтың болған панасы.
Жел жағында панасы,
Ұмытпа ма Әлиханды,
Қазақтың баласы»** – деп қашап жазыпты. Міне, алаш жұртының ұлық көсемі болған бабамыз жайлы естеліктің бір ұштығы осындай. Өмірден өткеніне 150 жыл толған абзал атаның қолымен егілген шетен ағашының жайқала өсуі, қазақтың да өркен жая түсетінінің бір нышаны болса керек. Енді оқырмандарды Ә.Н.Бөкейханнның өмірбаянымен таныстыра отырылық...

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. 1866-жылы 5-наурызда бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында туған. Бұл қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы бұрынғы Қаратал кеңшарының жеріне қарасты. 1992-жылы Ақтоғай аудандық кеңестің шешімімен Ә.Н.Бөкейханов есімі берілді.

Әлихан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886-жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890-жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1890-1894-жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқиды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қаттығына куә болады, өз ойын да шындай түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» (Халық бостандығы) партия-

сының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді. 1905-жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған. 1905-жылы Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік дума депутаты болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Ә.Н.Бөкейханов өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеусіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. 1911-14-ж.ж. «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді. 20 ғ. басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді. Бар күш-қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде-ақ сенім-сіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самар қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды. 1916-жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самардан Орынборға келген Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады. Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің де-

(соңы 4 бет.)

ПРАЗДНОВАНИЕ МАСЛЕНИЦЫ

23 (24) марта (березня, березола) - в день весеннего равноденствия славяне отмечают великий праздник "Масленица". Второе название этого праздника "Комоедица" (бел.), которые празднуют, когда день становится длиннее ночи, когда пробуждается природа и Солнце-дитя Хорс становится юношей Ярилой. (20 марта). В народе говорили: "На Благовещенье Весна Зимы поборола", чему радуется всё живое, и даже само Солнце "играет"; "С Благовещеньем медведь из берлоги встаёт", "Благовещенье - птица на волю отпущенье". Знаменитая русская поговорка "Не всё коту Масленица", наилучшим образом даёт характеристику (упомянутого) благодатного вре-



мени. Будучи Великим Праздником, Масленица именуется также - Весёлой, Широкой, Честной, Обжорной и т.п. Среди великих славянских праздников, Масленица - первая не только по значимости и порядку, но и в сакральной сфере обрядового действия.

Масленица - один из четырёх важнейших праздников Кологода, приуроченный к Весеннему Равноденствию (Солнцестоянию). Согласно Славянским верованиям, о сию пору "отверзается" Сварга, и Светлые Боги "возвращаются" в Явь - входит в Силу после зимы, а души предков

"прилетают на птичьих крылах" из Ирия Небесного навещать нас - своих потомков. Время возрождения - весеннего "воскрешения" (от "Крес" - "Огонь") Земли-Матушки и всей ПриРОды. Сразу за Масленичной неделей следует Комоедица - медвежий праздник.

По поверьям, в сию пору Медведь (Лесной Хозяин, воплощение самого Велеса) просыпается в своей берлоге после долгой зимней спячки. Мужчины чувствуют его особым медвежьим плясом и велесовой борьбой. Комы, которые пекутся старшими в семье женщинами на Комоедицу, суть обрядовые хлебцы, сделанные из нескольких мучных замесов: овса, гороха и ячменя. Часть комов выносятся лес и кладут на пень-колоду, призывая на трапезу Хозяина Леса, которого просят не драть скот и не озорничать на пасаках в течение всего года.

Утром люди торопятся на капище, высокое место, где подсохла земля. Возле капища на перекрестке дорог рассыпают зерно, дабы отвлечь навьи силы.

Главным яством великого праздника Масленицы является блин - в славянской языческой традиции символизирующий Солнце. На столы, покрытые скатертью, ставят печенье, горячие блины и пироги, овсяный кисель, меды, квасы и закуски. Угощение делится на пять частей, и пятую часть помещают на открытое место возле священного Огня, приговаривая: "Честные наши родители! Вот для вашей души блинок." Торжественно везут к капищу на соломенной "кобыле" куклу Марены.

*"Приезжай ты к нам на широк двор,
на горах покататься,
В блинах поваляться, сердцем потешиться.
Масленица - красная краса, русая коса,
Тридцати братьев сестра,
сорока бабушек внучка,
Трёх матерей дочка, цветочка, ягодка,*

перепёлочка".

Вот уже первый снежок летит в чучело, вызывая за собой целый залп. "Марена" падает, что должно означать её "смерть". Затем тор-



жественно сжигают чучело Марены, подбрасывая в костёр мусор, солому и старые вещи: "Марена загорела, всему миру надоела!"

Заводят хоровод противосольнь (против Солнца, против часовой стрелки) и провожают сгорающую Зиму песней:

*"Ты прощай, прощай, наша Масленица!
Ты прощай, прощай, да кургузя!
Ты не в середушла и не в пятницу,
А ушла в неделю, кончилось веселье,
Со блинами, пирогами, да оладьями,
Со хмельным да пивом, со курным пирогом."*

Прыгают через небольшой костёр, сложенный "шалашиком", обращаясь к Семарглу, чтобы он зажёл снега, а после обязательно умываются снегом или талой водой. Считается, что талая вода придаёт лицу красоту. Затем прославляют Ярилу, скатывают горящие колёса с горы в честь разгорающегося Солнца: "С горы катились, с весной воротились!"

С этого дня солнце-юноша Ярило начинает

яриться, жарить. Солнечные лучи становятся всё жарче, всё ярче. Текут всюду ручьи. Приход Весны неумолим.

Начинаются игры. "Кулачки", как и "городок", олицетворяют победу весны над зимой, масленичный столб является земным воплощением столба небесного, "мирового дерева", на котором находится Ирий, попасть туда не просто.

Вообще все игры, с виду напоминающие обычные забавы, были важными средствами социального (естественного) отбора, подготовки будущих воинов и охотников. Это сейчас мы не видим смысла в качании на качелях (народный обряд, призванный придать силу пробудившейся растительности).

Духи Великих Предков, незримо присутствуя на празднике, радуются вместе с нами. Не угас ещё РОД славянский, как и тысячи лет назад приходят славяне на праздник, чтобы собластиться обычаями. Что есть праздник? Память человека о себе через богов и о богах через себя, очищение души от суетных забот и пустой памяти. Под взорами Неба завершается праздник, стихают песни, гаснет Огонь. Звучат слова Велесовой Книги, будя в душах память предков:

*"И Сварог Небесный промолвит:
Ты ступай-ка, сын мой, до красы той вечной!
Там увидишь ты деда и бабу.
О! Как будет им радостно, весело
вдруг увидеть тебя!
До сего дня лили слёзы они,
А теперь они могут возрадоваться
о твоей вечной жизни до конца веков!"*

При прощании одаривают друг друга пряниками, говоря: "Прости меня, пожалуй, буде в чём виноват перед тобой". Прощание заканчивалось поцелуем и низким поклоном.

источник: <http://slavyanskaya-kultura.ru>

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Карагандинский филиал РГП «Научно-производственный центр земельного кадастра» информирует, что изготовление идентификационных документов на земельные участки (актов на право) осуществляется предприятием, ведущим земельный кадастр, строго в соответствии со стандартами государственных услуг:

- «Изготовление и выдача актов на право частной собственности на земельный участок»;
- «Изготовление и выдача актов на право постоянного землепользования»;
- «Изготовление и выдача актов на право временного возмездного (долгосрочного, краткосрочного) землепользования (аренды)»;
- «Изготовление и выдача актов на право временного безвозмездного землепользования».

Данные стандарты были утверждены Приказом и.о. Министра национальной экономики РК от 27.03.2015 г. № 272 «Об утверждении стандартов государственных услуг в сфере земельных отношений, геодезии и картографии».

Нормами действующего законодательства, а также согласно вышеуказанным стандартам госуслуг не предусмотрены изготовление и выдача дубликатов идентификационных документов.

В случае возникновения у землепользователя необходимости изготовления так называемого «дубликата» идентификационного документа предприятием, ведущим земельный кадастр (КФ РГП «НПЦЗем»), будет изготовлен новый идентификационный документ согласно требованиям установленных стандартов.

Ауесбаева С.С.,

Начальник Приозерского городского отделения КФ РГП «НПЦЗем»

АЛАШТЫҢ АСҚАҚ КӨСЕМІ

(соңы. басы 3 бет)

легаты, Ресейдің І Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, ІV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.

Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа аутономия беруіне қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917-жылы желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрыл-

тайында Алаш автономиясы жарияланып, Ә.Бөкейханов сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады.

1919 ж. большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Ә.Бөкейханов қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады. Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926-жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Ә.Бөкейханов Мәскеуге жер аударылды, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлихан 1937-жылы тамызында қайыра тұтқындалып, бір айдан кейін жалған жаламен 67 жасында Мәскеуде ату жазасына жазасына кеседі. 1989-жылы мамырдың 14 КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима города Приозерск» срочно требуются специалисты с техническим, юридическим, педагогическим, ветеринарным и экономическим высшим образованиями.

Для справок обращаться по телефонам: 54153 и 54574 и по адресу Пушкина-7, кабинет № 20.

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Свидетельство ИП №011897, выданное 07.04.2003 год НУ по городу Приозерск на имя Сейтназарова Дина Нуркабуловна, в связи с утерей.

УСЛУГИ

Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613, Мади.

К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!

MPG-BOOST™ - катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ) для двигателей внутреннего сгорания, способствующий экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).
телефон: +7 (702) 604-02-60

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107,
телефон: 5-50-81
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

НА МАНИКЮР И ПЕДИКЮР
запись по телефону:
8-771-699-32-89

Парикмахерская Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 10/446 Тираж: 500 экз., объем - 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-702-604-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.